

Халықаралық қайта құру және даму банкі

Халықаралық даму қауымдастығы

ИНСПЕКЦИЯЛЫҚ	1818 Н Стрит, N.W.	Телефон: (202)458 - 5200
КЕҢЕС	Вашингтон, Колумбия округы	Факс: (202) 522-0916
	20433 А.Қ.Ш.	Email: ipanel@worldbank.org

IPN ИНСПЕКЦИЯ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ СҰРАНЫМ RQ 11/02 2011 жылдың 17 тамызы

ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Тексеру жүргізуге сұраным мәселесі бойынша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ: Оңтүстік-Батыс магистралы: Батыс Европа – Батыс Қытай (CAREC-1b& 6b) (Несие нөмірі МБРР 7681-KZ) халықаралық транзиттік қатынас дәлізі

2011 жылдың 16 ақпаны мен 2011 жылдың 19 сәуірінің аралығында Инспекциялық Кеңеске (бұдан әрі Кеңес) Қазақстан – Оңтүстік-Батыс жолы: Батыс Европа – Батыс Қытай (бұдан әрі «Жоба») халықаралық транзиттік қатынас дәлізі жобасының әсеріне қатысты әртүрлі алаңдаушылықты білдірген бірнеше шағым түсті. 2011 жылдың 15 маусымында Кеңес инспекция жүргізуге және бұл алаңдаушылықты (бұдан әрі «Сұранымда») тексеруге ресми сұраным алды. Сонымен бірге бұл сұраным 2011 жылдың 24 маусымында алынған түсініктемелермен қолдауға алынған. Жоғарыда сөз болған алаңдаушылық Банк Қазақстанда қаржылап отырған Жобадағы жолдың әртүрлі телімінің дизайнына, құнының бағалануына және іске асырылуына тиесілі. Сұраным «Ұлттық аналитикалық мәліметтік ресурс» (бұдан әрі «НАИР») үкіметтік емес ұйымының өкілі Бауржан Исалиев мырзаның өз атынан, сонымен бірге «НАИРдің» атынан және Жобадан жәбірленген 24 азаматтан (бұдан әрі «Сұратушы тұлғалар») түскен.

Сұранымда көтерілген мәселелер Жоба үшін жердің иеленуіне орай мүліктен және күнелтуге қажетті шарттардан айрылуға және жоспарланған трассаның әртүрлі телімдерінде қоршаған ортаға жағымсыз әсердің болу мүмкіндігіне байланысты. Әдепкідегі Сұранымда Дүниежүзілік банктің қоршаған ортаны бағалау және ықтиярсыз көшіру, сондай-ақ ондай әбігерлену салдарының залалы жөнінде Ережелерді бұзу факттары көрсетілген. Сұратушы тұлғалардың пікіріне қарағанда, олардың мұндай алаңдауларына Банк Басқармасы көңіл аударған, бірақ олар Басқарманың жауабына қанағаттанбаған.¹

¹ Кеңес әдепкі шағымды алу бойынша қажетті рәсімдерге сәйкес Сұратушы тұлғалар өздерін алаңдатқан мәселелер бойынша Банктің Басқармасына шағымданған, шағымданбағанын тексерді. 2011 жылдың 16 ақпанынан бастап Сұратушы тұлғалар Сұранымда көрсетілген мәселелерге тексеру жүргізу үшін Басқармаға хат арқылы арыздануға бірнеше рет әрекет жасаған. Одан тысқары 2011 жылдың 13 сәуірінде Шымкент қаласында жәбірленушілердің өкілі шешімі табылмай жатқан мәселелерді талқылау үшін Банктің қызметкерімен кездескен. Сұратушы тұлғалар Сұранымда көрсетілген Банк Басқармасының мәселелерді талқылау әдісі орынды деп есептемейтінін мәлімдейді.

Кеңес 2010 жылдың 29 сәуірінде дәл сол Жобаға тексеру жүргізуге Кеңес Сұранымды тіркегенін еске салады. Бұл Сұранымда көтерілген мәселелердің қанағаттанарлықпен шешілгеніне қарап, Кеңес тексеру жүргізуді ұсынған емес. Енді Кеңес кейінгі Сұранымда көтерілген мәселелер мен жағдайлар 2010 жылы қаралғандағыдан басқаша және трассаның үш қосымша теліміне байланысты екенін байқады.

Жоба

Жобаны дамытудың мақсаттары Ақтөбе және Қызылорда облыстарының шекаралары мен Шымкент қаласының аралығындағы телімде көлік тасымалын жақсарту, сонымен бірге жол шаруасын басқаруды жетілдіру және Қазақстан Республикасының жолдарында қауіпсіздікті арттыру болып табылады.² Жоба бес құрамдас бөліктен тұрады: 1) Қызылорда қаласына баратын айналып өтетін жолды қоспағанда Қызылорда облысының ішкі магистралын бойлай жол телімдерін кемелдендіру және қайта салу; 2) Қызылорда және Шымкент қалаларына баратын айналып өтетін жолдарды қосқанда Қызылорда облысының шекарасынан Шымкент қаласына дейінгі Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі магистралын бойлай жол телімдерін кемелдендіру және қайта салу; 3) Жобаны іске асыруды басқаруда Жол Комитетіне жәрдемдесу мақсатында Жобаны басқару бойынша кеңесшіні қаржылау; 4) жолдарда қауіпсіздікті қамсыздау және жол қызметтерін көрсету бойынша іс-қимылдарды ұйымдастыруды өркендету және жоспарларды әзірлеу; 5) 1 және 2 пункттардағы құрылыс жұмыстары үшін бақылау бойынша кеңес беру қызметтері. Халықаралық Қайта құру және Даму банкіндегі несиенің мөлшері 2,125 миллиард АҚШ доллары. Несие 2009 жылдың 30 сәуірінде қабылданған және жабылуы 2013 жылдың 31 желтоқсанына жоспарланған.

Несие Батыс Европа – Батыс Қытай дәлізі бойындағы 1000 километр аралыққа созылған жол телімдерінің құрылысы бойынша істерге байланысты шығымдарға беріледі. Дәліздің Қазақстан аумағындағы басқа телімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі және Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі қаржылайды.

Сұраным

Сұратушы тұлғалардың талаптары Жобадағы төрт әртүрлі жол телімдеріне қатысты. Олар Қазақстанның Темірлан, Сайрам, Ынтымақ және Түркістан елді мекендерінің аумағында орналасқан.

Темірлан телімі бойынша Сұратушы тұлғалар айналып өтетін жолға қатысты Атқарылатын жұмыстардың қоршаған ортаға экологиялық әсерін бағалау жөніндегі есеп беру «...*Атқарылатын жұмыстардың қоршаған ортаға экологиялық әсерін бағалауды жүргізу бойынша Нұсқамаға сәйкес еместігін*» және оның Банк Саясатын бұзып отырғанын айтуда. Сұранымда Сұратушы тұлғалардың «*қоршаған ортаға байланысты мәселелер бойынша шешімдерді қабыл алу процессіне қатысу құқығы*» «*экологиялық сараптама қорытындысын қарау кезінде олардың жеке пікірін білдіру құқығын*» шектеу арқылы бұзылғаны белгіленген. Сұратушы тұлғалардың мәлімдемесі бойынша мұндай ереже бұзу Атқарылатын жұмыстардың қоршаған ортаға экологиялық әсерін бағалау бойынша Банктың

Саясатының сәйкессіздігіне факт болып табылады, сонымен бірге Мәліметтерге қол жеткізу және Қоршаған ортаға тиесілі мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу және шешімдерді қабыл алу процессіне жұртшылықтың қатысуы жөніндегі Конвенцияға (Орхусс конвенциясы) қарата Банк ұстанатын саясатқа байланысты бірқатар мәселелерді алға қояды. 2011 жылдың 24 маусымында алынған жоғарыда көрсетілген түсініктемелерде Сұратушы тұлғалар Темірланды айналып өтетін жолдағы Атқарылатын жұмыстардың қоршаған ортаға экологиялық әсерін бағалау жөнінде есеп беруде *«сарантама да, экологиялық қарымақы да алдын ала қарастырылмаған»* деген тіркеске сілтеме жасайды. Олар бұл есеп берудің жергілікті флораға да, фаунаға да, оның ішінде *Тоғай* орманына да көңіл бұрмағандығын мәлімдейді.³ Сондай-ақ олар Тоғай ормандарының және Арыс өзенінің экожүйесіне Жобаның орны толмас залалы тиетінін қосымшалайды. Сонымен бірге олар аталған Есеп беру 2009 жылдың ақпанында болған су тасқынының қайталану мүмкіндігіне тиесілі бағасын бермеген деп мәлімдейді.

Сұранымға сәйкес, Сайрамда алаңдаушылық білдірген қауымның жеті мүшесі Жоба бойынша іс-әрекет Қарымақы келісіміне қол қойылғанша басталып кетті дейді. Сұранымда *«басқа азаматтардың жерінде қазу істері жер иелерінің тосын қарсылық көрсетуіне байланысты басталған жоқ еді»* деген мәлімет бар. Сондай-ақ Сұранымда сегіз жәбірленушінің төртеуі қарымақыларын алған жоқ деп айтылады. Кеңеске жердің даулы телімі шаруашылық жүргізуге арналғаны және оның кіріс табу тәсілі ретінде пайдаланылып жатқаны білдірілген. Сұратушы тұлғалар мақұл белгілегендей, 2011 жылдың 13 сәуіріндегі кездесу кезінде Банк жетекшілігі Банк *«жер иелері мен жер пайдаланушылардың кейбір мәселелерін шешейін деп»* жатқан жоқ *«және бұл Жол Комитетінің және Жобаны басқару бойынша кеңесшілердің айрықша құзыреті»* деп хабарлаған.

Сұранымға сәйкес, магистралдың 5 км. жерін қамтып жатқан Ынтымақ елді мекенін *«жобаның дизайнері»* елді мекен жолдан 35-49 метр жерде орналасқан деп айтады. Сұратушы тұлғалардың мәлімдемесіне лайық, дизайнердің бағалауы *«шындыққа тура келмейді»* және жол 15-20 метр аралықта. Сұранымда бұл үйлерден 5 метр ғана қашықтықта шу естілмейтін дуалдарды тұрғызуға ықпал етеді және *«жол бойындағы ағаштар Жобаны іске асыру кезінде құлап түседі»* деп айтылған. Сосын Сұраным құрылыс компанияларымен келісім бойынша Техникалық Өзгешеліктер экологиялық қауіпсіздіктің стандарттарына сәйкес келеді ме деп сұру береді. Сұратушы тұлғаларды *Банктың атқарылатын жұмыстардың қоршаған ортаға экологиялық әсеріне* берген ОР/ВР 4.01 бағасы мазасыздандырады.

² Жобаны бағалау туралы құжат, п. 2.

³ Тоғай орманы – Орталық Азияның су жағалауларындағы ормандарының бірі. Тоғай су жер қыртысының үстіне өте жақын орналасқан сулы алқаптарда болады. Сұратушы тұлғалар сондай-ақ бұл ормандарда жыңғыл, тал, күміс түсті жидек және ши өсетінін атап өткен. Олар сонымен бірге орманда және суда жан-жануарлардан – үйрек, көкқұтан, қырғауыл және басқа да жыртқыш құстар, шиебөрілер, теңбіл балық және майда балықтардың сан алуан түрлері мекендейтінін мысалға келтірген.

Түркістан елді мекенінде қолдарын қойған екі адам Жобаның жерді иемдену бойынша бөлігінің іске асуының салдарынан мүлігінен және табысынан айрылған жөнінде фактты мәлімдеген. Бұл екеуі өздерінің жерінде сауда кәсіпорындарын құрған, олар Жобаның Түркістанда іске асырылуына байланысты бүлінген. Сұранымда бұл екеуі жобаның дизайны және оның болашақта іске асырылатыны туралы ескертуді қазір істеуге жарамсыз болып қалған сауда нысандарын құрып біткеннен кейін алған. Сұраным бұл екеуінің жобаның іске асырылу уақытында әжептеуір шығынға ұшырағанын растайды. Сұраным Банктің ықтиярсыз көшіру жөніндегі ОР/ВР 4.12 саясатының бұзылу фактына сілтеме жасайды.

Қорытындыда Сұратушы тұлғалар Кеңеске олар жоғарыда санамалап көрсетілген мәселелерді Дүниежүзілік банктің жетекшілігі және Жобаға қатысып жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының Жол басқармалығы, Қазақстан Республикасының Жол Комитеті және жергілікті өзін өзі басқару сияқты барлық мекемелермен келісіп шешуге әрекеттенгенін хабарлайды.

Жоғарыда айтылғандардан басқалардың ішінен Банк сәйкессіз деп тапқан мәлімет төменгі Жеделдетілген саясатта жана рәсімдерде қамтылуы мүмкін:

ОР/ВР 4.01 Атқарылатын жұмыстардың қоршаған ортаға экологиялық әсерін бағалау;

ОР/ВР 4.04 Нақты тұратын ортасы;

ОР/ВР 4.12 Ықтиярсыз көшіру;

ОР/ВР 13.05 Жобаны бақылау;

OMS 2.20 Жобаның құнын бағалау;

Дүниежүзілік банктің Мәліметке қол жеткізу жөніндегі 2010 жылдың 1 шілдесінде белгілеген саясаты.

Келесі хабарландыру хатқа дейін барлық байланыстар Бауржан Исалиев мырза арқылы іске асырылады.

Кеңестин жеделдетілген рәсімдерінің 17 параграфына сәйкес, осы хат арқылы Сізге бұл Сұраным 2011 жылдың 17 тамызында Инспекциялық Кеңестин тізілімінде тіркелгенін хабарлаймын және бұл күн осы Сұранымдың ашылып көрілген уақыты деп есептелінеді.

Тіркеу әкімшілік рәсім болып есептелетіні және барлық жағдайда Инспекцияның өзінің қызметтеріне сәйкес қорытындысы шығарылатыны есіңізде болсын.

Кеңес шығарған Қаулының 18 параграфының негізінде «Инспекциялық Кеңестин екінші шолуы туралы Кеңестің қорытындысы» жөніндегі 2-ші, 8-ші параграф және Жеделдетілген рәсімдердің 18(d) параграфымен Банктің басқармалығы 2011 жылдың 16 қыркүйегінен кешіктірмей Жобаға қатысы бар барлық саясатқа және рәсімдерге сәйкестік немесе сәйкестікке ұмтылу жөніндегі мәліметті беруі керек. Бұл мәліметтер Сұранымға жауап ретінде есептелуге тиіс.

Мәліметтерді алғаннан кейін Кеңес «1999-шы түсініктеме» және Қаулының 19-шы параграфына сәйкес *«берілген мәліметтердің Қаулының 12-14 параграфтарында баяндалған өлшемдерге лайықтылығын»* анықтап, *«сосын Атқарушы директорларға тексеру жүргізу керектігі не керек еместігі туралы ұсыныс береді»*.

Сұранымға нөмірі RQ 11/02 IPN берілген

Шын ниетпен Сіздің

/Қолы/
Роберто Лэнтон
Төраға

Бауржан Исалиев мырза.
Аль-Фараби алаңы 4, 4-ші пәтер.

Роберт Зоеллик мырза,
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің президенті
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің атқарушы директорлары
және олардың орынбасарлары